

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ субъекті жағы

Орындаған: Сағидоллақызы Ақнұр 203 – топ
Тексеретін: Шаяхметова Ж.Б.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі – қылмыстық заңнамамен тиым салынған қоғамға қауіпті іс – әрекетті (әрекет немесе әрекетсіздікті) жасаған және оны жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа қабілетті адам.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 15 – бабы 1 бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің белгісі:

1. жеке тұлға болуы тиіс;
2. заңда көрсетілген жасқа толуы тиіс;
3. есі дұрыс болуы тиіс.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің жеке тұлға болуы:

1. Қазақстан Республикасының азаматтары.
2. шетелдік азаматтар.
3. азаматтығы жоқ адамдар.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән – жайларға қарамастан заң алдына тең.

(ҚР Қылмыстық кодексінің 15 бабы 4 тармағы)

Заңнамада көрсетілген жасқа толу белгісі:

ҚР Қылмыстық кодексінің 15 бабы 1 тармағына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Қылмыстық жауаптылыққа 14 жастан бастап тартылатын қылмыстардың шектелген тізімі: адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, зорлау, адам ұрлау, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік алауыздық туғызу, қорқытып алушылық, терроризм актісі, адамды кепілге алу.



Кездескенше!